

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Құсмұрын кенті әкімінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 мамырда № 8426 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және Әуликөл ауданы Құсмұрын кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында " SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Әуликөл ауданы Құсмұрын кентінің аумағында орналасқан алаңы 3,1869 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Құсмұрын кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ә. Абжанов*